# Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы және "Тауар биржаларының, биржалық брокерлер мен биржалық дилерлердің қызметін лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 1653 қаулысына өзгерістер енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 ақпандағы № 149 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 667 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 667 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 347 бұйрығын қараңыз.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 3) тармақшасына және 9-бабының 11) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) «Қазақстан Республикасының Үкіметі және (немесе) Еуразиялық экономикалық комиссия шешімдерінің негізінде сыртқы сауда қызметін кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу шаралары, сондай-ақ арнайы қорғау шаралары қолданылған кезде тауарлар импортына және (немесе) экспортына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

2) «Талқылау объектілері болып табылатын тауарлардың Қазақстан Республикасының аумағына импортына сандық шектеулерді қолданбай лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

3) «Тауарлардың жекелеген түрлерінің Қазақстан Республикасының аумағына импортына рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

4) «Тауар биржалары саласында дилерлік қызметпен айналысу құқығына лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

5) «Тауар биржалары саласында брокерлік қызметпен айналысу құқығына лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

6) «Тауар биржалары қызметімен айналысу құқығына лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. «Тауар биржаларының, биржалық брокерлер мен биржалық дилерлердің қызметін лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 1653 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 4, 91-құжат):

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тауар биржаларының, биржалық брокерлер мен биржалық дилерлердің қызметін жүзеге асыру бойынша лицензиар болып Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Сауда комитеті айқындалсын.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген тауар биржаларының, биржалық брокерлер мен биржалық дилерлердің қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 маусымдағы № 865 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., № 60, 825-құжат);

2) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы» 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 және «Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» 2012 жылғы 28 маусымдағы № 865 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1815 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 10, 195-құжат).

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 ақпандағы № 149 қаулысымен бекітілген

**«Қазақстан Республикасының Үкіметі және (немесе) Еуразиялық экономикалық комиссия шешімдерінің негізінде сыртқы сауда қызметінің кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу шаралары, сондай-ақ арнайы қорғау шаралары қолданылған кезде тауарлар импортына және (немесе) экспортына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі және (немесе) Еуразиялық экономикалық комиссия шешімдерінің негізінде сыртқы сауда қызметінің кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу шаралары, сондай-ақ арнайы қорғау шаралары қолданылған кезде тауарлар импортына және (немесе) экспортына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Сауда комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті беруші;

2) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Мемлекеттік қызметті автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ХҚО);

3) www.e.gov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:
1) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні ішінде;
қажетті құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минуттан аспайды;
көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минуттан аспайды;
2) ХҚО-ға жүгінген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні ішінде (құжаттар қабылданған күн мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ХҚО-ға мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір күн бұрын береді);
қажетті құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минуттан аспайды;
көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минуттан аспайды;
3) портал арқылы жүгінген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні ішінде.
5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.
6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына және (немесе) экспортына лицензия не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жолданады.
Лицензия электрондық нысанда беріледі. Көрсетілетін қызметті алушы лицензияны қағаз жеткізгіште алуға өтініш білдірген жағдайда, лицензия электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады, көрсетілетін қызметті берушінің мөрімен расталады және оған көрсетілетін қызметті берушінің басшысы не оны алмастыратын адам қол қояды.
7. Көрсетілетін қызмет ақылы негізде көрсетіледі. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі лицензиялық алым көрсетілетін қызметті берушіге тиісті құжаттар тапсырғанға дейін банктер немесе банк

операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы ақша қаражатын қолма-қол ақшасыз аудару арқылы көрсетілетін қызметті алушының тұратын жері бойынша бюджетке төленеді.

Лицензия алуға портал арқылы электрондық өтініш берілген жағдайда, төлем «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Төлем алдын ала жасалған жағдайда, төлем құжатының электрондық көшірмесі қоса беріледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс (сенбі, жексенбі) және мереке күндерінен басқа дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

2) ХҚО – Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда жұмыстың белгіленген кестесіне сәйкес үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Қабылдау, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз « электрондық» кезек тәртібімен жүзеге асырылады, ХҚО-ның веб-порталы арқылы электронды кезекті броньдауға болады;

3) портал – құжаттарды қабылдау тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда) жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге немесе ХҚО-ға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 немесе 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – комиссия) әзірлеген және сыртқы сауда қызметіне қатысушыларға өтеусіз негізде берілетін бағдарламалық қамтамасыз ету көмегімен жасалған комиссия бекіткен форматтағы өтініштің электрондық көшірмесі. Сыртқы сауда қызметіне қатысушы өтініштің комиссия бекіткен форматына қатаң сәйкестіктегі электрондық көшірмесін қалыптастыратын өзінің жеке бағдарламалық қамтамасыз етуін пайдалана алады;

сыртқы сауда шартының (келісімшартының), оған қосымшаның және (немесе ) толықтырулардың (біржолғы лицензия үшін) көшірмесі, ал сыртқы сауда шарты (келісімшарты) болмаған жағдайда – тараптардың ниеттерін растайтын өзге құжаттың көшірмесі;

салық органында есепке қойылғаны туралы құжаттың көшірмесі;

егер қызметтің лицензияланатын түрі оған қатысты Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында лицензиялау енгізілген тауар айналымына байланысты болса, осындай қызмет түрін жүзеге асыруға арналған лицензияның

көшірмесі;

қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат;

егер олар тауардың осы түрін лицензиялауды енгізуге негіз болған комиссия шешімімен айқындалса, өзге құжаттар.

Ұсынылған құжаттар көшірмелерінің әрбір парағы көрсетілетін қызметті алушының қолтаңбасымен және мөрімен куәландырылған болуы тиіс не құжаттардың көшірмелері тігілген және көрсетілетін қызметті алушының қолтаңбасымен және мөрімен куәландырылған болуы тиіс.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға ХҚО ұсынған нысан бойынша жазбаша келісім береді.

ХҚО-да көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды беруді ХҚО-ның қызметкері қолхаттың негізінде жүзеге асырады;

2) порталға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 немесе 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

электрондық өтінішке мыналар тіркеледі:

комиссия әзірлеген және сыртқы сауда қызметіне қатысушыларға өтеусіз негізде берілетін бағдарламалық қамтамасыз ету көмегімен жасалған комиссия бекіткен форматтағы өтініштің электрондық көшірмесі. Сыртқы сауда қызметіне қатысушы өтініштің комиссия бекіткен форматына қатаң сәйкестіктегі электрондық көшірмесін қалыптастыратын өзінің жеке бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана алады;

сыртқы сауда шартының (келісімшартының), оған қосымшаның және (немесе) толықтырулардың (біржолғы лицензия үшін) көшірмесі, ал сыртқы сауда шарты (келісімшарты) болмаған жағдайда – тараптардың ниеттерін растайтын өзге құжаттың көшірмесі;

салық органында есепке қойылғаны туралы құжаттың көшірмесі;

егер қызметтің лицензияланатын түрі оған қатысты Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында лицензиялау енгізілген тауар айналымына байланысты болса, осындай қызмет түрін жүзеге асыруға арналған лицензияның көшірмесі;

қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат;

егер олар тауардың осы түрін лицензиялауды енгізуге негіз болған комиссия шешімімен айқындалса, өзге құжаттар.

Ұсынылған құжаттар көшірмелерінің әрбір парағы көрсетілетін қызметті алушының қолтаңбасымен және мөрімен куәландырылуы тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушыға, портал арқылы жүгінген жағдайда, «жеке кабинетте» мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні көрсетіле отырып өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

10. Мыналар:

1) көрсетілетін қызметті алушы лицензия алу үшін ұсынатын құжаттарда толық емес немесе анық емес мәліметтердің болуы;

2) көрсетілетін қызметті алушыға лицензия беру келісуші мемлекеттік органмен келісілмеуі;

3) «Тауарлардың сыртқы саудасы саласындағы лицензиялау ережесі туралы келісімді ратификациялау туралы» 2009 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 3 және 5-баптарында көзделген талаптардың сақталмауы ;

4) лицензия беру үшін негіз болатын бір немесе бірнеше құжаттың қолданысының тоқтатылуы немесе тоқтатыла тұруы;

5) іске асыру үшін лицензия сұралатын шартты (келісімшартты) орындау салдарынан туындауы мүмкін Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының халықаралық міндеттемелерінің бұзылуы;

6) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның енгізілмеуі;

7) квотаның (квоталанатын тауарларға лицензия ресімделген жағдайда) таусылуы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады .

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 1) тармақшасында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, ХҚО қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызмет берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, халыққа қызмет көрсету орталықтарының және (немесе) олардың қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызмет беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, № 8 үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, 7-кіреберіс мекенжайы, (7172) 74-28-09 телефоны, (7172) 74-31-48 факсі.

Шағым қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда почта арқылы жазбаша нысанда немесе электронды түрде не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, ХҚО қызметкерінің әрекетіне ( әрекетсіздігіне) портал форумы арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны нөмірі арқылы алуға болады.

ХҚО қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша ХҚО-ның www.con.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша ХҚО-ның басшысына тікелей жіберіледі.

Қолма-қол, сол сияқты почтамен түскен шағымның ХҚО кеңсесінде қабылданғанын растау оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, әкесінің аты, почталық мекенжайы;

заңды тұлғаның – атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Көрсетілетін қызметті берушінің, ХҚО қызметкерінің әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің, ХҚО-ның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес ) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау

және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.
Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.
12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар

13. Денсаулық жағдайы бойынша ХҚО-ға өзі келуге мүмкіндігі жоқ көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарды қабылдауды көрсетілетін қызметті алушының тұратын жеріне бару арқылы ХҚО қызметкерлері (қағаз жеткізгішті толтырған кезде) жүргізеді.
14. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары: көрсетілетін қызметті берушінің www.minplan.kz, www.comtorg.kz; ХҚО-лардың www.con.gov.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.
15. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде ЭЦҚ-ның болуы талап етіледі.
ХҚО арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімі негізінде оның электрондық құжат нысанындағы өтініші ХҚО қызметкеріне қызметтік мақсаттарда пайдалану үшін берілген ЭЦҚ-сымен куәландырылады.
16. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық қызметі, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызмет көрсетудің мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар.
17. Көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық қызметінің байланыс телефоны: 74-91-21. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.
«Қазақстан Республикасының Үкіметі және (немесе) Еуразиялық экономикалық комиссиясы шешімдерінің негізінде сыртқы сауда қызметінің кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу шаралары, сондай-ақ арнайы қорғау шаралары қолданылған кезде тауарлар импортына және (немесе) экспортына лицензия беру»

мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

## Тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына лицензия беру туралы өтініш

| | | |
|---|---|---|
| 1. № өтініш | 2. Қолданылу кезеңі КК.АА.ЖЖЖЖ дан бастап КК.АА.ЖЖЖЖ қоса алғанда | |
| 3. Лицензияның типі \| ИМПОРТ | 4. № келісімшарт | |
| 5. Өтініш беруші | 6. Сатушы | |
| 7. Жөнелту елі \| | 8. Сатушының елі \| | |
| 9. Келісімшарт валютасы \| | 10. Құны | 11. Статистикалық құны |
| 12. Шығарылған елі \| | 13. Саны | 14. Өлшем бірлігі |
| 15. СЭҚ БТН бойынша тауардың коды және оның сипаттамасы | | |
| 16. Қосымша ақпарат | | |
| 17. Лицензия беру үшін негіздеме | 18. Өтініш берушінің уәкілетті адамы Т.А.Ә. лауазымы телефоны (факс) қолы және мөрі күні | |

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін ____________________________ 20__ж. «__»________ (қолы)

Ескертпе. Жекелеген тауарлар түрлерінің импортына лицензия беру туралы өтінішті көрсетілетін қызметті алушы 2009 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Тауарлардың сыртқы саудасы саласындағы лицензиялау ережесі туралы келісімнің 1-қосымшасына сәйкес қатаң түрде толтырылады.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі және (немесе) Еуразиялық экономикалық комиссиясы шешімдерінің негізінде сыртқы сауда қызметінің кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу шаралары, сондай-ақ арнайы қорғау шаралары қолданылған кезде тауарлар импортына және (немесе) экспортына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

## Тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына лицензия беру туралы өтініш

| | | |
|---|---|---|
| 1. № өтініш | 2. Қолданылу кезеңі КК.АА.ЖЖЖЖ дан бастап КК.АА.ЖЖЖЖ қоса алғанда | |
| 3. Лицензияның типі \| ЭКСПОРТ | 4. № келісімшарт | |
| 5. Өтініш беруші | 6. Сатып алушы | |
| 7. Жөнелту елі | 8. Сатып алушының елі | |
| 9. Келісімшарт валютасы | 10. Құны | 11. Статистикалық құны |
| 12. Шығарылған елі | 13. Саны | 14. Өлшем бірлігі |
| 15. СЭҚ БТН бойынша тауардың коды және оның сипаттамасы | | |
| 16. Қосымша ақпарат | | |
| 17. Лицензия беру үшін негіздеме | 18. Өтініш берушінің уәкілетті адамы Т.А.Ә. лауазымы телефоны (факс) қолы және мөрі күні | |

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпия құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін __________________________ 20__ж. «__»________ (қолы)

Ескертпе. Жекелеген тауарлар түрлерінің экспортына лицензия беру туралы өтінішті көрсетілетін қызметті алушы 2009 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Тауарлардың сыртқы саудасы саласындағы лицензиялау ережесі туралы келісімнің 1-қосымшасына сәйкес қатаң түрде толтырылады

«Қазақстан Республикасының Үкіметі және (немесе) Еуразиялық экономикалық комиссиясы шешімдерінің негізінде сыртқы сауда қызметінің кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу шаралары, сондай-ақ арнайы қорғау шаралары қолданылған кезде тауарлар импортына және (немесе) экспортына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша
Нысан
(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, болса әкесінің аты (бұдан әрі – Т.А.Ә.)

не ұйымының атауы)
______________________________________________
(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

**Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат**

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 2-тармағын басшылыққа ала отырып, «Халыққа қызмет көрсету орталығы» РМК филиалының №__ бөлімі (мекенжайын көрсету керек) мемлекеттік қызмет көрсетуге (мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес көрсету керек) құжаттарды қабылдаудан Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбауыңызға байланысты бас тартады, атап айтқанда: жоқ құжаттардың атауы:

1) ____________________________________________________________;
2) ____________________________________________________________;
3) ____________________________________________________________.

Осы қолхат әрбір тарапқа бір-бірден екі данада жасалды.

Т.А.Ә (ХҚО қызметкерінің) (қолы)

Орындаушы. Т.А.Ә. ______________________________________

Телефоны. __________________________________________

Алдым: көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә/қолы

20__ж «__» _________

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 ақпандағы № 149 қаулысымен бекітілген

## «Талқылау объектілері болып табылатын тауарлардың Қазақстан Республикасының аумағына импортына сандық шектеулерді қолданбай лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. «Талқылау объектілері болып табылатын тауарлардың Қазақстан Республикасының аумағына импортына сандық шектеулерді қолданбай лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Сауда комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

1) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Мемлекеттік қызметті автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ХҚО);

2) www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) ХҚО-ға жүгіну кезінде – 10 (он) жұмыс күні ішінде (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ХҚО-ға мемлекеттік қызметті көрсету мерзімінің аяқталуына бір күн қалғанда береді);

қажетті құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минуттан аспайды;

көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минуттан аспайды;

2) портал арқылы жүгінген кезде – 10 (он) жұмыс күні ішінде.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы талқылау объектілері болып табылатын тауарлардың Қазақстан Республикасының аумағына импортына сандық шектеулерді қолданбай берілетін лицензия, қайта ресімделген лицензия, лицензияның телнұсқасы не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет

стандартының 10-тармағында көзделген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Портал арқылы жүгіну кезінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жолданады.

Лицензия электрондық нысанда беріледі. Көрсетілетін қызметті алушы лицензияны қағаз жеткізгіште алуға жүгінген жағдайда, лицензия электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады, көрсетілетін қызметті берушінің мөрімен расталады және оған көрсетілетін қызметті берушінің басшысы не оны алмастыратын адам қол қояды.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақылы негізде көрсетіледі. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес лицензиялық алым көрсетілетін қызметті берушіге тиісті құжаттар тапсырылғанға дейін банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы ақша қаражатын қолма-қол ақшасыз аудару арқылы көрсетілетін қызметті алушының тұратын жері бойынша бюджетке төленеді:

1) лицензия беру үшін – 10 айлық есептік көрсеткіш;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін – 1 айлық есептік көрсеткіш;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін – 1 айлық есептік көрсеткіш.

Лицензия алуға портал арқылы электрондық өтініш берілген жағдайда, төлем «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Төлем алдын ала төленген жағдайда, төлем құжатының электрондық көшірмесі қоса беріледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) ХҚО – Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, жұмыстың белгіленген кестесіне сәйкес үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз «электрондық» кезек тәртібімен жүзеге асырылады, ХҚО-ның веб-порталы арқылы электронды кезекті броньдауға болады;

2) портал – құжаттарды қабылдау тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда) жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) ХҚО-ға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан

бойынша өтініш;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

сыртқы сауда шартының (келісімшарттың) көшірмесі.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын (жеке тұлға үшін), заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы (заңды тұлға үшін), көрсетілетін қызметті алушыны дара кәсіпкер ретінде тіркеу туралы (дара кәсіпкер үшін), лицензиялық алымның төленгені туралы (ЭҮТШ арқылы төлеген жағдайда) құжаттардың мәліметтерін ХҚО қызметкері мемлекеттік органдардың уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электронды деректер нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Лицензияны қайта ресімдеу «Лизензиялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабына сәйкес мынадай құжаттарды:

1) қайта ресімдеу туралы өтінішті;

2) ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, қайта ресімдеу кезінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттардың көшірмесін ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын (жеке тұлға үшін), заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы (заңды тұлға үшін), көрсетілетін қызметті алушыны дара кәсіпкер ретінде тіркеу туралы (дара кәсіпкер үшін), лицензиялық алымның төленгені туралы (ЭҮТШ арқылы төлеген жағдайда), лицензия туралы құжаттардың мәліметтерін ХҚО қызметкері мемлекеттік органдардың уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электронды деректер нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Лицензия жоғалған, бүлінген кезде көрсетілетін қызметті алушы лицензияның телнұсқасын алуға құқылы.

Егер лицензия қағаз жеткізгіште берілген болса, көрсетілетін қызметті алушы өтініш бойынша телнұсқасын алмай, оны электронды форматқа аударып алуға құқылы.

Лицензияның жоғалған, бүлінген бланктері көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге жазбаша өтініш берген күнінен бастап жарамсыз деп есептеледі.

Көрсетілетін қызметті беруші өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жаңа нөмір бере отырып, жоғарғы оң жақ бұрышында «Телнұсқа» деген жазуы бар лицензияның телнұсқаларын береді.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға ХҚО ұсынған нысан бойынша жазбаша келісім береді.

ХҚО-да көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды беруді ХҚО-ның қызметкері қолхаттың негізінде жүзеге асырады;

2) порталға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

сыртқы сауда шартының (келісімшартының) электрондық көшірмесі.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын (жеке тұлға үшін), заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы (заңды тұлға үшін), көрсетілетін қызметті алушыны дара кәсіпкер ретінде тіркеу туралы (дара кәсіпкер үшін), лицензиялық алымның төленгені туралы (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері мемлекеттік органдардың уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электронды деректер нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы алады.

Лицензияны қайта ресімдеу «Лизензиялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабына сәйкес мынадай құжаттарды:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы қайта ресімдеу туралы өтінішін;

2) қайта ресімдеу кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесін не егер төлем ЭҮТШ арқылы жүргізілсе, лицензиялық алымның төленгені туралы мәліметтерді ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын (жеке тұлға үшін), заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы (заңды тұлға үшін), көрсетілетін қызметті алушыны дара кәсіпкер ретінде тіркеу туралы (дара кәсіпкер үшін), лицензиялық алымның төленгені туралы (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері мемлекеттік органдардың уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электронды деректер нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден

портал арқылы алады.

Портал арқылы жүгінген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетте» мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні көрсетіле отырып, өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

10. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында субъектілердің осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынуы;

2) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның енгізілмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімінің болуы;

4) сот орындаушысы ұсынымының негізінде соттың өтініш берушіге лицензия алуға тыйым салуы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 1) тармақшасында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, ХҚО қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі орталық мемлекеттік органдардың, сонымен қатар қызмет берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, халыққа қызмет көрсету орталықтарының және (немесе) олардың қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызмет беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, № 8 үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, 7-кіреберіс мекенжайы, (7172) 74-28-09 телефоны, (7172) 74-31-48 факсі.

Шағым қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда почта арқылы жазбаша нысанда немесе электронды түрде не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі

мен орны көрсетіле отырып тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, ХҚО қызметкерінің әрекетіне ( әрекетсіздігіне) портал форумы арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефон нөмірі арқылы алуға болады.

ХҚО қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша ХҚО-ның www.con.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша ХҚО-ның басшысына тікелей жіберіледі.

Қолма-қол, сол сияқты почтамен түскен шағымның ХҚО кеңсесінде қабылданғанын растау оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, әкесінің аты, почталық мекенжайы;

заңды тұлғаның – атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Көрсетілетін қызметті берушінің, ХҚО қызметкерінің әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің, ХҚО-ның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес ) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар

13. Денсаулық жағдайы бойынша ХҚО-ға өзі келуге мүмкіндігі жоқ көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарды қабылдауды көрсетілетін қызметті алушының тұратын жеріне бару арқылы ХҚО қызметкерлері (қағаз жеткізгішті толтырған кезде) жүргізеді.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары: көрсетілетін қызметті берушінің www.minplan.kz, www.comtorg.kz; ХҚО-лардың www.con.gov.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.

15. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде ЭЦҚ-ның болуы талап етіледі.

ХҚО арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімі негізінде оның электрондық құжат нысанындағы өтініші ХҚО қызметкеріне қызметтік мақсаттарда пайдалану үшін берілген ЭЦҚ-сымен куәландырылады.

Сондай-ақ, ХҚО қызметкері көрсетілетін қызметті алушының өтініші бойынша көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттың түпнұсқасынан жасалған құжаттың электрондық көшірмесін куәландырады.

16. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық қызметі, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызмет көрсетудің мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар.

17. Көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық қызметінің байланыс телефоны: 74-91-21. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Талқылау объектілері болып табылатын тауарлардың Қазақстан Республикасының аумағына импортына сандық шектеулерді қолданбай лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

## Заңды тұлғаның лицензияны алуға арналған өтініші

___________________________________________________________
(лицензиардың толық атауы)

___________________________________________________________
(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

___________________________________________________________

(қызметтің түрін және (немесе) қызметтің кіші түрін (-лерін) көрсету керек)

______________________________________________________________________

жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз жеткізгіште _________________(лицензияны қағаз жеткізгіште алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек) беруіңізді сұраймын
Заңды тұлғаның мекенжайы_______________________________________________
(почталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың нөмірі)
Электрондық почта____________________________________________________
Телефондары__________________________________________________________
Факс_________________________________________________________________
Банк шоты____________________________________________________________
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)
Қызметті жүзеге асыру мекенжайы (лары)________________________________
(почталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың нөмірі)
___ парақ қоса беріледі.

Көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмағаны;

қоса берілген барлық құжаттардың шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны расталады.

Басшы _______________________________________________________
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
Толтыру мерзімі: 20__ жылғы «___» ____________ Мөр орны
Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін ___________________________ 20__ж. «__»________ (қолы)

**Жеке тұлғаның лицензияны алуға арналған өтініші**

______________________________________________________________________
(лицензиардың толық атауы)

______________________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

______________________________________________________________________

(қызметтің түрін және (немесе) кіші түрін (-лерін) көрсету керек)

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

____________________________________________________________ жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз жеткізгіште

______________________________________________________________________

(лицензияны қағаз жеткізгіште алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек) беруіңізді сұраймын

Жеке тұлғаның тұрғылықты мекенжайы___________________________________

______________________________________________________________________

(почталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үйдің/ғимараттың нөмірі)

Электрондық почта_____________________________________________________

Телефондары__________________________________________________________

Факс________________________________________________________________

Банк шоты___________________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті жүзеге асыру мекенжайы (лары) ______________________________

(почталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі) ______ парақ қоса беріледі.

Көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмағаны;

қоса берілген барлық құжаттардың шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны расталады.

Жеке тұлға ________ ________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру мерзімі: 20__ жылғы «___» _______________ Мөр орны (болған жағдайда)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін ___________________________________
20__ж. «__»________ (қолы)

«Талқылау объектілері болып табылатын тауарлардың Қазақстан Республикасының аумағына импортына сандық шектеулерді қолданбай лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

Нысан

(көрсетілетін қызметті алушының
тегі, аты, болса әкесінің аты (бұдан әрі – Т.А.Ә.) не ұйымының атауы)
___________________________________________________
(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

**Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы**
**қолхат**

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 2-тармағын басшылыққа ала отырып, «Халыққа қызмет көрсету орталығы» РМК филиалының №__ бөлімі (мекенжайын көрсету керек) мемлекеттік қызмет көрсетуге (мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес көрсету керек) құжаттарды қабылдаудан Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбауыңызға байланысты бас тартады, атап айтқанда:

жоқ құжаттардың атауы:

1) ________________________________;
2) ________________________________;
3) ________________________________.

Осы қолхат әрбір тарапқа бір-бірден екі данада жасалды.

Т.А.Ә (ХҚО қызметкерінің) (қолы)

Орындаушы. Т.А.Ә. _________________________________

Телефоны. __________________________________

Алдым: көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә/ қолы

20__ж «__» _________

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 ақпандағы № 149 қаулысымен бекітілген

## «Тауарлардың жекелеген түрлерінің Қазақстан Республикасының аумағына импортына рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. «Тауарлардың жекелеген түрлерінің Қазақстан Республикасының аумағына импортына рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Сауда комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті беруші;

2) www.e.gov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

### 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

қажетті құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минуттан аспайды;

көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минуттан аспайды;

2) портал арқылы жүгінген кезде – 3 (үш) жұмыс күні ішінде.

5. Мемлекеттік қызметті көрсетудің нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оны алмастыратын адам қол қоятын және

көрсетілетін қызметті берушінің мөрімен куәландырылатын электрондық құжат нысанында немесе қатаң үлгідегі бланкіде жекелеген тауар түрлерін импорттауға берілетін рұқсат.

Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жолданады.

Рұқсат электрондық нысанда беріледі. Көрсетілетін қызметті алушы рұқсатты қағаз жеткізгіште алуға өтініш білдірген жағдайда рұқсат электрондық форматта ресімделеді, басып шығарылады, көрсетілетін қызметті берушінің мөрімен расталады және оған көрсетілетін қызметті берушінің басшысы не оны алмастыратын адам қол қояды.

7. Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Дайын рұқсатты беру алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібінде жүзеге асырылады;

2) портал – құжаттарды қабылдау тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда) жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажет құжат:

1) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінгенде – мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес бір данада, қағаз жеткізгіште рәсімделетін рұқсат жобасы және кеден одағының комиссиясы (бұдан әрі – комиссия) бекіткен форматтағы комиссия әзірлеген және сыртқы сауда қызметіне қатысушыларға өтеусіз негізде берілетін бағдарламалық қамтамасыз етудің көмегімен жасалған рұқсат жобасын электрондық көшірмесі;

2) порталға – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы рұқсат жобасы.

Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызмет нәтижесін алу күні көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

## 3. Орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызмет беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, № 8 үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, 7-кіреберіс мекенжайы, (7172) 74-28-09 телефоны, (7172) 74-31-48 факсі.

Шағым қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда почта арқылы жазбаша нысанда немесе электронды түрде не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) портал форумы арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефон нөмірі арқылы алуға болады.

Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, әкесінің аты, почталық мекенжайы;

заңды тұлғаның – атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі

уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтің ерекшеліктері ескеріле отырып өзгеде талаптар

12. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін жердің мекенжайы: көрсетілетін қызметті берушінің www.minplan.kz. www.comtorg.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде ЭЦҚ-ның болуы талап етіледі.

14. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық қызметі, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қолжеткізу режимінде мемлекеттік қызмет көрсетудің мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызмет берушінің ақпараттық қызметінің байланыс телефоны: 74-91-21. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Тауарлардың жекелеген түрлерінің Қазақстан Республикасының аумағына импортына рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

## Тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына берілетін рұқсат жобасы

| | | |
|---|---|---|
| Кеден одағына қатысушы мемлекеттің атқарушы билігінің уәкілетті мемлекеттік органы | | |
| 1. № Рұқсат | 2. Қолданылу кезеңі ЖЖЖ.КК.АА–дан бастап ЖЖЖ.КК.АА. қоса алғанға | |
| 3. Рұқсаттың типі \| ИМПОРТ | 4. № Келісімшарт | |
| 5. Өтініш беруші \| | 6. Сатушы | |
| 7. Жөнелту елі \| | 8. Сатушының елі \| | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 9. Келісімшарт валютасы | 10. Құны | 11. Статистикалық құны |
| 12. Шығарылған елі | 13. Саны | 14.Өлшем бірлігі |
| 15. Тауардың СЭҚ БТН бойынша коды және оның сипаттамасы \| | | |
| 16. Қосымша ақпарат | | |
| 17. Өтініш берушінің уәкілетті адамы<br>Т . А . Ә .<br>л а у а з ы м ы<br>телефон<br>қолы және мөр күні | 18. Уәкілетті адам<br>Т . А . Ә .<br>л а у а з ы м ы<br><br>қолы және мөр күні | |

Ескертпе. Тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына рұқсат жобасы көрсетілетін қызметті алушы қатаң түрде 2009 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Тауарлардың сыртқы саудасы саласындағы лицензиялау ережесі туралы келісімге 2-қосымшаға сәйкес толтырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2014 жылғы 25 ақпандағы
№ 149 қаулысымен
бекітілген

## «Тауар биржалары саласында дилерлік қызметпен айналысу құқығына лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. «Тауар биржалары саласында дилерлік қызметпен айналысу құқығына лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Сауда комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

1) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Мемлекеттік қызметті автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету

орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ХҚО);

2) www.e.gov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) ХҚО-ға жүгінген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні ішінде (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ХҚО-ға мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір күн бұрын береді);

қажетті құжаттарды тапсыру кезіндегі кезек күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минуттан аспайды;

көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минуттан аспайды;

2) портал арқылы жүгінген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні ішінде.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – тауар биржалары саласында дилерлік қызметпен айналысу құқығына лицензия, қайта ресімделген не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетке» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жолданады.

Лицензия электрондық нысанда беріледі. Көрсетілетін қызметті алушы лицензияны қағаз жеткізгіште алуға жүгінген жағдайда, лицензия электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады, көрсетілетін қызметті берушінің мөрімен расталады және оған көрсетілетін қызметті берушінің басшысы не оны алмастыратын адам қол қояды.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақылы негізде көрсетіледі. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес

лицензиялық алым көрсетілетін қызметті берушіге тиісті құжаттар тапсырылғанға дейін банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы ақша қаражатын қолма-қол ақшасыз аудару жолымен көрсетілетін қызметті алушының тұратын жері бойынша бюджетке төленеді:

1) лицензия беру үшін – 5 айлық есептік көрсеткіш;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін – 0,5 айлық есептік көрсеткіш.

Лицензия алуға портал арқылы электрондық өтініш берілген жағдайда, төлем «электрондық үкімет» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Төлем алдын ала төленген жағдайда, төлем құжатының электрондық көшірмесі қосылады.

8. Жұмыс кестесі:

1) ХҚО – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз « электрондық» кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады, ХҚО-ның веб-порталы арқылы электронды кезекті броньдауға болады;

2) портал – құжаттарды қабылдау тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда) жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметтерді алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) ХҚО-ға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген биржалық дилерлер қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестік туралы мәліметтер нысаны.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, лицензиялық алымның төленгені туралы ( ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) құжаттардың мәліметтерін ХҚО қызметкері мемлекеттік органдардың уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық деректер нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Егер лицензия қағаз жеткізгіште берілген болса, көрсетілетін қызметті алушы өтініш бойынша оны электрондық форматқа аударуға құқылы.

Лицензияны қайта ресімдеу «Лизензиялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабына сәйкес мынадай құжаттарды:
1) қайта ресімдеу туралы өтінішті;
2) ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, қайта ресімдеу кезінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттардың көшірмесін ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, лицензиялық алымның төленгені туралы ( ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) құжаттардың мәліметтерін ХҚО қызметкері мемлекеттік органдардың уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық деректер нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға ХҚО ұсынған нысан бойынша жазбаша келісім береді.

ХҚО-да көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды беруді ХҚО-ның қызметкері қолхаттың негізінде жүзеге асырады;

2) порталға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі немесе егер төлем ЭҮТШ арқылы жүргізілсе, лицензиялық алымның төленгені туралы мәліметтер;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген биржалық дилерлер қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы электрондық мәліметтер нысаны.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, лицензиялық алымның төленгені туралы ( ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері мемлекеттік органдардың уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық деректер нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы алады.

Егер лицензия қағаз жеткізгіште берілген болса, көрсетілетін қызметті алушы өтініш бойынша оны электрондық форматқа аударуға құқылы.

Лицензияны қайта ресімдеу «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасы

Заңының 47-бабына сәйкес мынадай құжаттарды:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті;

2) қайта ресімдеу кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесін немесе егер төлем ЭҮТШ арқылы жүргізілсе, лицензиялық алымның төленгені туралы мәліметтерді ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, лицензиялық алымның төленгені туралы ( ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері мемлекеттік органдардың уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық деректер нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушыға, портал арқылы жүгінген жағдайда, «жеке кабинетте» мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні көрсетіле отырып өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

10. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында субъектілердің осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынуы;

2) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның енгізілмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімінің болуы;

5) сот орындаушысының ұсынымы негізінде сот көрсетілетін қызметті алушыға лицензия алуға тыйым салуы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 1) тармақшасында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, ХҚО қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

## 3. Орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, халыққа қызмет көрсету орталықтарының және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету

**мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

11. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызмет беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, № 8 үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, 7-кіреберіс мекенжайы, (7172) 74-28-09 телефоны, (7172) 74-31-48 факсі.

Шағым қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда почта арқылы жазбаша нысанда немесе электронды түрде немесе жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, ХҚО қызметкерінің әрекетіне ( әрекетсіздігіне) портал форумы арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны нөмірі арқылы алуға болады.

ХҚО қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша ХҚО-ның www.con.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша ХҚО-ның басшысына тікелей жіберіледі.

Қолма-қол, сол сияқты почтамен түскен шағымның ХҚО кеңсесінде қабылданғанын растау оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Заңды тұлғаның шағымында – атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Көрсетілетін қызметті берушінің, ХҚО қызметкерінің әрекетеріне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің, ХҚО-ның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес ) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда,

көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар

13. Денсаулық жағдайы бойынша ХҚО-ға өзі келуге мүмкіндігі жоқ көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарды қабылдауды көрсетілетін қызметті алушының тұратын жеріне бару арқылы ХҚО қызметкерлері (қағаз жеткізгіште толтырған кезде) жүргізеді.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

көрсетілетін қызметті берушінің www.minplan.kz, www.comtorg.kz;

ХҚО-ның www.con.gov.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.

15. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде ЭЦҚ-ның болуы талап етіледі.

ХҚО арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушылардың жазбаша келісімі негізінде оның электрондық құжат нысанындағы өтініші ХҚО қызметкеріне қызметтік мақсаттарда пайдалану үшін берілген ЭЦҚ-сымен куәландырылады.

Сондай-ақ, ХҚО қызметкері көрсетілетін қызметті алушының өтініші бойынша көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттың түпнұсқасынан жасалған құжаттың электрондық көшірмесін куәландырады.

16. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметі, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызмет көрсетудің мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар.

17. Көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық қызметінің байланыс телефоны: 74-91-21. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Тауар биржалары саласында дилерлік қызметпен айналысу құқығына лицензия беру,

лицензияны қайта ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі стандартына
1-қосымша

**Заңды тұлғаның лицензияны алуға арналған өтініші**

___________________________________________________________________
(лицензиардың толық атауы)
___________________________________________________________________
(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)
___________________________________________________________________
(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрі(-лері) көрсетілсін)
___________________________________________________________________
______________________________ жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз жеткізгіште______________________________
(лицензияны қағаз жеткізгіште алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек) беруіңізді сұраймын
Заңды тұлғаның мекенжайы ______________________________________
(почталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көшенің атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)
Электрондық почта ___________________________________________
Телефондары ________________________________________________
Факс ______________________________________________________
Банк шоты __________________________________________________
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)
Қызметті жүзеге асыру мекенжайы (лары)______________________________
(почталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көшенің атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі) ___ парақта қоса беріліп отыр.
Көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;
өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сотпен тыйым салмағаны;
қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және

жарамды болып табылатыны расталады.
Басшы _________ ____________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда )

Мөр орны

Толтыру мерзімі: 20__ жылғы «___» ____________________________

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын пайдалануға келісемін ___________________________20__ж. «__»________(қолы)

«Тауар биржалары саласында дилерлік қызметпен айналысу құқығына лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі стандартына
2-қосымша

**Биржалық дилерлер қызметіне қойылатын біліктілік талаптарға сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны**

1. Штаттық кестеге сәйкес, ұйымның бірінші басшысының:
Т.А.Ә. ________________________________________;
Жоғары білімі:
диплом нөмірі ___________________________________;
дипломның берілген күні __________________________;
дипломның берілген орны __________________________;
диплом берген оқу орнының атауы _________________;
басшы ретінде жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың нөмірі мен күні___________________;
директорды тағайындау туралы құрылтайшылар шешімінің нөмірі мен күні___________________;
тауар биржалары саласында және/немесе қаржы ұйымдарындағы еңбек өтілі _______________.
Жұмыс орны________________________________.
Кезеңі ___________________________________.
Атқаратын лауазымдары ___________________.
2. Штаттық кестеге сәйкес (биржалық саудамен айналысатын) ұйым қызметкерлерінің:
Т.А.Ә. ________________________________________;
Жоғары немесе орта білімнен кейінгі білімі:
диплом нөмірі ___________________________________;

дипломның берілген күні ________________________;
дипломның берілген орны ________________________;
диплом берген оқу орнының атауы ________________;
жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың нөмірі мен күні, лауазымы_________________.
3. Дилерлік қызмет көрсету туралы шарттардың бекітілген нысандары: шарттың нысанын бекіту туралы бұйрықтың нөмірі мен күні____________.
4. Клиенттерге дилерлік қызмет көрсетудің бекітілген регламенті: регламентті бекіту туралы бұйрықтың нөмірі мен күні________________.

«Тауар биржалары саласында дилерлік қызметпен айналысу құқығына лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі стандартына
3-қосымша

Нысан

(көрсетілетін қызметті алушының
тегі, аты, болса әкесінің аты (бұдан әрі – Т.А.Ә.) не ұйымының атауы)
_______________________________________________
(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

**Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат**

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 2-тармағын басшылыққа ала отырып, «Халыққа қызмет көрсету орталығы» РМК филиалының №__ бөлімі (мекенжайын көрсету керек) мемлекеттік қызмет көрсетуге (мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес көрсету керек) құжаттарды қабылдаудан Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбауыңызға байланысты бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:
1) ________________________________;
2) ________________________________;
3. ________________________________.

Осы қолхат әрбір тарапқа бір-бірден екі данада жасалды.

Т.А.Ә (ХҚО қызметкерінің) (қолы)
Орындаушы. Т.А.Ә. _____________________
Телефон _______________________________
Алдым: көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә/ қолы
20__ж «__» ________.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 ақпандағы № 149 қаулысымен бекітілген

## «Тауар биржалары саласында брокерлік қызметпен айналысу құқығына лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. «Тауар биржалары саласында брокерлік қызметпен айналысу құқығына лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі ( бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Сауда комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

1) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Мемлекеттік қызметті автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ХҚО);

2) www.e.gov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) ХҚО-ға жүгінген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні ішінде (құжаттарды

қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ХҚО-ға мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір күн бұрын береді);

қажетті құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минуттан аспайды;

көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минуттан аспайды;

2) портал арқылы жүгінген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні ішінде.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – тауар биржалары саласында брокерлік қызметпен айналысу құқығына лицензия, қайта ресімделген не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетке» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жолданады.

Лицензия электрондық нысанда беріледі. Көрсетілетін қызметті алушы лицензияны қағаз жеткізгіште алуға жүгінген жағдайда, лицензия электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады, көрсетілетін қызметті берушінің мөрімен расталады және оған көрсетілетін қызметті берушінің басшысы не оны алмастыратын адам қол қояды.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақылы негізде көрсетіледі. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес лицензиялық алым көрсетілетін қызметті берушіге тиісті құжаттар тапсырылғанға дейін банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы ақша қаражатын қолма-қол ақшасыз аудару жолымен көрсетілетін қызметті алушының тұратын жері бойынша бюджетке төленеді:

1) лицензия беру үшін – 5 айлық есептік көрсеткіш;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін – 0,5 айлық есептік көрсеткіш.

Лицензия алуға портал арқылы электрондық өтініш берілген жағдайда, төлем «электрондық үкімет» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Төлем алдын ала төленген жағдайда, төлем құжатының

электрондық көшірмесі қосылады.

8. Жұмыс кестесі:

1) ХҚО – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз « электрондық» кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады, ХҚО-ның веб-порталы арқылы электронды кезекті броньдауға болады;

2) портал – құжаттарды қабылдау тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда) жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметтерді алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) ХҚО-ға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген биржалық брокерлер қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестік туралы мәліметтер нысаны.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, лицензиялық алымның төленгені туралы ( ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) құжаттардың мәліметтерін ХҚО қызметкері мемлекеттік органдардың уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық деректер нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Егер лицензия қағаз жеткізгіште берілген болса, көрсетілетін қызметті алушы өтініш бойынша оны электрондық форматқа аударуға құқылы.

Лицензияны қайта ресімдеу «Лизензиялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабына сәйкес мынадай құжаттарды:

1) қайта ресімдеу туралы өтінішті;

2) ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, қайта ресімдеу кезінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттардың көшірмесін ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, лицензиялық алымның төленгені туралы ( ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) құжаттардың мәліметтерін ХҚО қызметкері

мемлекеттік органдардың уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық деректер нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға ХҚО ұсынған нысан бойынша жазбаша келісім береді.

ХҚО-да көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды беруді ХҚО-ның қызметкері қолхаттың негізінде жүзеге асырады;

2) порталға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі немесе егер төлем ЭҮТШ арқылы жүргізілсе, лицензиялық алымның төленгені туралы мәліметтер;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген биржалық брокерлер қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы электрондық мәліметтер нысаны.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, лицензиялық алымның төленгені туралы (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері мемлекеттік органдардың уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық деректер нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы алады.

Егер лицензия қағаз жеткізгіште берілген болса, көрсетілетін қызметті алушы өтініш бойынша оны электрондық форматқа аударуға құқылы.

Лицензияны қайта ресімдеу «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабына сәйкес мынадай құжаттарды:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті;

2) қайта ресімдеу кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесін немесе егер төлем ЭҮТШ арқылы жүргізілсе, лицензиялық алымның төленгені туралы мәліметтерді ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, лицензиялық алымның төленгені туралы (

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері мемлекеттік органдардың уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық деректер нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушыға, портал арқылы жүгінген жағдайда, «жеке кабинетте» мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні көрсетіле отырып өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

10. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында субъектілердің осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынуы;

2) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның енгізілмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімінің болуы;

5) сот орындаушысының ұсынымы негізінде сот көрсетілетін қызметті алушыға лицензия алуға тыйым салуы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 1) тармақшасында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, ХҚО қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

## 3. Орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, халыққа қызмет көрсету орталықтарының және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызмет беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, № 8 үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, 7-кіреберіс мекенжайы, (7172) 74-28-09 телефоны, (7172) 74-31-48 факсі.

Шағым қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда почта арқылы жазбаша нысанда немесе электронды түрде немесе жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, ХҚО қызметкерінің әрекетіне ( әрекетсіздігіне) портал форумы арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны нөмірі арқылы алуға болады.

ХҚО қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша ХҚО-ның www.con.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша ХҚО-ның басшысына тікелей жіберіледі.

Қолма-қол, сол сияқты почтамен түскен шағымның ХҚО кеңсесінде қабылданғанын растау оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Заңды тұлғаның шағымында – атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Көрсетілетін қызметті берушінің, ХҚО қызметкерінің әрекетеріне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің, ХҚО-ның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес ) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар

13. Денсаулық жағдайы бойынша ХҚО-ға өзі келуге мүмкіндігі жоқ көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарды қабылдауды көрсетілетін қызметті алушының тұратын жеріне бару арқылы ХҚО қызметкерлері (қағаз жеткізгіште толтырған кезде) жүргізеді.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары: көрсетілетін қызметті берушінің www.minplan.kz, www.comtorg.kz; ХҚО-ның www.con.gov.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.

